

## Лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының кеден органдарында қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 12 тамыз N 1238. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 722 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңының 397-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

#### 1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының кеден органдарында қызмет өткеруі туралы ереже;
- 2) Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының антының мәтіні бекітілсін.

#### 2. Мыналардың:

1) "Лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасы кеден органдарында қызмет өткеруі туралы Ережені және Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының антының мәтінін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 қыркүйектегі N 1119 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1996 ж., N 37, 354-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 қыркүйектегі N 1119 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 2 сәуірдегі N 459 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, 1997 ж., N 14, 105 - құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 16 қыркүйектегі N 1119 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 28 қыркүйектегі N 958 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУКЖ-ы, N 34, 309-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-Министри*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 12 тамыздығы  
N 1238 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының кеден органдарында лауазымды адамдардың қызмет  
өткериуі туралы**  
**ЕРЕЖЕ**

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 397-бабына сәйкес өзірленді және лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының кеден органдарында қызмет өткериүінің тәртібін белгілеуді.

2. Қазақстан Республикасының кеден органдарындағы қызмет шыққан тегіне, әлеуметтік және мұліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, сеніміне немесе кез келген өзге де жағдайларға қарамастан, заңдылық, дара басшылық, қорғауға құқықтың қамтамасыз етілуі, заң алдындағы тәндік қағидаттарына құрылады.

3. Қазақстан Республикасы кеден органдарында лауазымды адамдарына кеден органдарында қызмет ететін, белгіленген тәртіппен арнаулы атақ берілген Қазақстан Республикасының азаматтары жатады. Кіші, орта және аға басшы құрамдарға арнаулы атақтар берудің тәртібі осы Ережемен айқындалады.

4. Қазақстан Республикасында кеден ісіне жалпы басшылықты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады. Қазақстан Республикасында кеден ісіне тікелей басшылықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті (бұдан әрі - Кеден комитеті) жүзеге асырады. Кеден комитетін Кеден комитетінің тәрағасы басқарады.

5. Қазақстан Республикасы кеден органдарында лауазымды адамдары өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

6. Жоғары басшы құрамның арнаулы атақтарын Қазақстан Республикасының Президенті береуді.

7. Кіші, орта және аға басшы құрамдардың арнаулы атақтарын Кеден комитетінің тәрағасы береуді.

8. Кеден органдарында қызмет атқаратын лауазымды адамдарға мынадай арнаулы атақтар береіледі:

кіші	басшы	құрам:
кеден	қызметінің	прапорщикі;
кеден	қызметінің	прапорщикі;
орта	басшы	құрам:
кеден	қызметінің	лейтенанты;
кеден	қызметінің	лейтенанты;
кеден	қызметінің	лейтенанты;

кеден қызметінің капитаны;  
аға басшы құрам;  
кеден қызметінің майоры;  
кеден қызметінің подполковникі;  
кеден қызметінің полковникі;  
жоғары басшы құрам;  
кеден қызметінің генерал-майоры;  
кеден қызметінің генерал-лейтенанты.

9. Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдары үлгісін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін нысанды киіммен қамтамасыз етіледі. Кеден органдары лауазымды адамдарының нысанды киімді кию ережесін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді. Лауазымды адамдарға жеке басы мен өкілеттігін куәландыратын белгіленген үлгідегі қызметтік куәлік беріледі.

10. Кеден органдары лауазымды адамдарының арнайы даярлықтан өткеннен кейін белгіленген тәртіппен оқпен атылатын қару алып жүргуге және сақтауға  
**құқығы** бар.

11. Қазақстан Республикасы кеден органдарының қызметіне, әдетте, міндетті әскери қызметін атқарған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің запасында тұрған, өзінің жеке басының моральдық, іскерлік, кәсіби қасиеттері, денсаулық жағдайы мен дene бітімі, білім деңгейі бойынша өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді орындауға қабілетті Қазақстан Республикасының азаматтары (бұдан әрі - азаматтар) ерікті негізде қабылданады.

12. Қазақстан Республикасының кеден органдарына кіші басшы құрам лауазымдарына қызметке 30 жастан аспаған, кемінде орта білімі бар азаматтар қабылданады. Орта және аға басшы құрам лауазымдарына жоғары білімі бар 35 жастан аспаған азаматтар қабылданады. Накты жағдайларда жас мөлшері цензі Кеден комитеті төрағасының шешімімен өзгертіледі. Орта және аға басшы құрам лауазымдарына жұмыс тәжірибесі мен іскерлік қасиеті бойынша өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қабілеттілігі шартымен мамандықтарға даярлық бейіні бойынша жақын орта арнаулы білімі бар және жоғары оқу орындарында білім алып жатқан азаматтар қабылдануы мүмкін.

13. Кеден органдарынан, Қарулы Құштерден, Ұлттық қауіпсіздік комитетінен, Салық полициясы комитетінен, Ішкі істер органдарынан, Қазақстан Республикасы Президентінің Құзет қызметінен, Республикалық ұланнан бұрын босатылған және қайта қабылданатын азаматтар үшін жас мөлшеріне шектеу осы Ереженің 109, 110, 111-тармақтарының талаптары негізге алына отырып  
**белгіленеді**.

14. Кіші, орта және аға басшы құрамның лауазымдары заңдарда белгіленген тәртіппен тағайындау арқылы атқарылады.

15. Қазақстан Республикасының кеден органдарын білікті мамандармен жасақтау және лауазымды адамдардың біліктілігін арттыру мақсатында Кеден комитеті арнаулы бастапқы оқуды, дene күshіn, арнаулы құралдар мен оқпен ататын қаруды қолдануға байланысты жағдайлардағы іс-қимылдарға жарамдылығын мерзімді тексеруді қамтитын кәсіби даярлықты; оку орындарында, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде мамандарды кәсіптік оқытууды және даярлауды, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес біліктілігін арттыруды және қайта даярлауды жүзеге асырады.

16. Қажет болған жағдайларда Кеден комитеті төрағасының шешімі бойынша кеден органдарының орта және аға басшы құрамының лауазымдарына мемлекеттік қаржы органдары мамандарының, ғылыми қызметкерлердің және жоғары оқу орындары оқытушыларының қатарынан бұрын кеден органдарының кадрларында тұрмаған, 40 жастан аспаған азаматтар тағайындалуы мүмкін. Бұл ретте, оларға кеден органдары қызметінде қызмет өткөрген жылдары үшін пайыздық ұстемеақы төлеу мен зейнетақы тағайындау үшін мамандығы бойынша бұрынғы жұмысының стажы, оның ішінде аспирантурада, докторантурада оқыған уақыты есептеледі. Бұл адамдарға тиісті арнаулы атақтар осы Ережеде көзделген тәртіппен беріледі.

17. Кеден органдарына қызметке қабылданатын азаматтар міндettі түрде қызметке жарамды екенін анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссияларда медициналық куәландырудан өтеді. Қызметке қабылдау азаматтардың міндettі арнаулы тексеруден өтуі шартымен жүзеге асырылады.

18. Азаматтарды Қазақстан Республикасының кеден органдары кіші, орта және аға басшы құрамының лауазымдарына қызметке қабылдау Кеден комитетінің төрағасы берген құқыққа сәйкес кеден органы немесе бөлімшесі басшысының бүйрығымен ресімделеді. Бүйрық адамға қолы қойғызылып хабарланады.

Кеден органдарының лауазымды адамдары қызметі бойынша тікелей бағынатын бастықтар басшы, тікелей бастықтар болып табылады.

#### 19. Егер азамат:

белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеті шектеулі дең

танылса;

сот белгілі бір уақыт ішінде мемлекеттік лауазымдарды атқару құқығынан айырса;

медициналық мекеменің қорытындысына сәйкес лауазымдық өкілеттігін орындауға кедергі келтіретін сырқаты болса;

олардың мәртебесі мен соған негізделген беделін жеке басының, топтың және өзге де қызметтік емес мұдделерге пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерге жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерімен белгіленген шектеулерді өзіне қабылдаудан бас тартса;

Қазақстан Республикасының кеден органдарына қызметке орналасар алдында бір жыл ішінде сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін тәртіптік жаупқа тарта

қызметке орналасар алдындағы бір жыл ішінде сот тәртібімен қасақана құқық бұзғаны үшін әкімшілік жазаға тартылса;

кеден органдарына қызметке орналасар кезге дейін оның өтелмеген немесе заңнамада белгіленген тәртіппен алынбаған сотталғандығы болса, Қазақстан Республикасының кеден органдарына қызметке қабылдана алмайды.

20. Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдары өздерінің мәртебесі мен соған негізделген беделін жеке басының, топтың немесе өзге де қызметтік мұдделерге пайдалануға әкеп соғуы мүмкін іс-әрекеттерге жол бермеу мақсатында өздеріне жазбаша нысанда заңнамада белгіленген шектеулерді қабылдайды. Мұндай шектеулерді қабылдамау кеден органдарына қызметке қабылдаудан бас тартуға не кеден органдарынан босатуға әкеп соғады.

21. Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдарының, оқытушылық, ғылыми немесе өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, өз қызметіне қосымша депутаттық өкілеттікті атқаруға, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға, коммерциялық ұйым басшы органының немесе байқау кеңесінің құрамына кіруге, сондай-ақ өзге де ақы төленетін қызметпен айналысуға құқығы жоқ.

22. Кеден органының лауазымды адамы өзі қызметте тұрған, не оған тікелей бағынышты немесе бақылауындағы мемлекеттік органды үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл бола алмайды.

23. Егер, азамат кеден органдарында қызметке тұрғанға дейін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған, не ол коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқау кеңесінің құрамына кірген жағдайда, азамат мұндай қызметті тоқтатуға немесе заңнамаға сәйкес өзге адамға сенімді басқаруға беруге міндетті.

24. Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жеке басының, топтың немесе өзге де қызметтік емес мұдделерде, заңнамалық кесімдерде көзделген жағдайларды қоспағанда, мұдделі жеке немесе заңды тұлғалардың қызмет көрсетуін пайдалануға құқығы жоқ.

25. Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдарына саяси партиялар мен саяси мақсаттарды көздейтін қоғамдық бірлестіктерді

құруға және олардың қызметіне қатысуға тыйым салынады.

26. Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдарына ереуілдер ұйымдастыруға және оларды өткізуге тыйым салынады.

27. Кеден органдарының өзара жақын туыстықтағы лауазымды адамдарына (ата-анасы, ерлі-зайыптылар, апалы-сіңлілер, ағалы-інілер, балалары, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары және балалары) біреуінің екіншісіне тікелей бағыныстылығына байланысты болса, заңнамада көзделген жағдайлардан басқада, кеден органында қызмет атқаруға тыйым салынады.

28. Кеден органдарына алғаш рет қызметке қабылданған азаматтар үшін даярлығының деңгейі мен тағайындалатын қызметіне қарай ұзақтығы үш айдан бір жылға дейінгі сынақ мерзімі белгіленеді. Бұл жағдайда кандидат тиісті қызметке арнаулы атақ берілместен тағайындалады және кандидатқа тәлімгер тағайындалады.

29. Сынақ мерзімі кезінде кандидат қызмет атқару шарттарына сәйкес кеден органы лауазымды адамының міндетін орындауды және құқықтарын пайдаланады.

30. Сынақ мерзімі кезінде кандидатқа мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың күші қолданылады.

31. Сынақ мерзімі, кеден органдарының лауазымды адамдары үшін еңбек сінірген жылдарына пайыздық үстеме ақы төлеуге және зейнетакы тағайындауға құқық беретін, кеден органдарындағы қызмет стажына есептеледі.

32. Кеден органдарына алғаш рет қызметке қабылданған азаматтар Қазақстан Республикасының кеден органдары лауазымды адамдарының антын қабылдайды. Ант қабылдаудың тәртібін Кеден комитеті белгілейді.

33. Кеден органдарының лауазымды адамдары, заңнамаға сәйкес, лауазымдарды қоса атқаруға не уақытша болмаған жоғары түрған басшы құрамның міндетін орындауға құқылы.

34. Атқарып жүрген қызметіне сәйкестігін, кәсіби даярлығы, құқықтық мәдениеті деңгейін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдары үшін аттестация өткізіледі.

35. Кеден органдарының лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының кеден органдарындағы қызметінің әр үш жылы сайын, бұл мерзім толған уақыттан бастап алты айдың ішінде аттестациядан өтеді.

36. Жүкті әйелдерді қоспағанда, кеден органдарының барлық лауазымды адамдары аттестациялауға жатады.

Кеден органдарына қызметке алғаш рет немесе стажын үзіп орналасқан азаматтар, Қазақстан Республикасының кеден органдарындағы үздіксіз қызметіне үш жыл толғаннан кейін аттестациядан өтеді.

37. Аттестациялау кезінде кезекті демалыста, іссапарда болған кеден органдарының лауазымды адамдары, сондай-ақ дәлелді себептер бойынша болмаған адамдар қызметке шыққаннан кейін аттестациядан өтеді.

38. Жүргізілген аттестациялаудың негізінде аттестациялық комиссия:

- 1) атқарып жүрген қызметіне сай;
- 2) белгіленген мерзімде қайталап аттестациялауға жатады;
- 3) атқарып жүрген қызметіне сай емес деген шешім шығарады.

39. Қайта аттестациялау бастапқы аттестациялау жүргізілген алты айдан кейін өткізіледі. Бұл ретте мына шешімдердің біреуі шығарылады:

- 1) атқарып жүрген қызметіне сай;
- 2) атқарып жүрген қызметіне сай емес.

40. Аттестациялық комиссияның лауазымды адам атқарып жүрген қызметіне сай еместігі туралы қорытындысының негізінде кеден органының бастығы бір айдың ішінде Қазақстан Республикасы кеден органдарындағы қызметін тоқтатуы тура<sup>лы</sup> шешім<sup>ка</sup>былда<sup>й</sup>ды.

41. Кеден органының лауазымды адамы заңнамада белгіленген тәртіппен аттестациялық комиссияның шешіміне шағымдануға құқықты.

42. Кеден органдарының құрылымында лауазымды адамдардың орнын ауыстыру:

1) жоғары тұрған қызметке - жұмысын ескере отырып мамандығы бойынша неғұрлым орынды пайдалану үшін, ұйымдастыру-штаттық іс-шаралар өткізуге байланысты<sup>тағайындау</sup> тәртібімен;

2) маңызы бірдей қызметке - мамандығы бойынша және жұмысын ескере отырып неғұрлым орынды пайдалану үшін, ұйымдастыру-штаттық іс-шаралар өткізуге байланысты, сондай-ақ олардың тікелей және тұра бастықтарының келісімімен<sup>өтініштері</sup> бойынша;

3) төмен тұрған қызметке - маңызы бірдей қызметке ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда, лауазымды адамның келісімімен, штат саны қысқарған кезде немесе кеден органын немесе бөлімшесін қайта ұйымдастыруға байланысты, әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысына сәйкес деңсаулық жағдайы бойынша<sup>жүргізіледі</sup>.

43. Өзге қызметке ауысқан кезде негізгі немесе ұқсас мамандық бойынша не тәжірибесіне сәйкес жұмыс, ал қажет болған жағдайда кеден органының лауазымды адамын ол үшін жаңа мамандық бойынша қызметке пайдалану қамтамасыз етіледі. Ауыстыруға оны тиісті курстарда (жиындарда) қайта даярлау<sup>мұрындық</sup> болуы<sup>мүмкін</sup>.

44. Ауыстыру, оның негіздемесі көрсетіле отырып, кеден органы бастығының бұйрығымен<sup>ресімделеді</sup>.

45. Кеден органдарының төмен қызметке ауыстырылған лауазымды адамдары

кейін қызметтік біліктілігі, жұмыс тәжірибесі, іскерлік және жеке басының қасиеттері, денсаулық жағдайы ескеріле отырып, қызметі бойынша жоғарылай алады.

46. Оған қатысты қылмыстық іс қозғалған және аталған қылмыстық іс бойынша сот шешім қабылдағанға дейін қамауға алу түрінде жолын кесу шарасы қолданылмаған кеден органының лауазымды адамы қылмыстық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен тергеу кезеңінде қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетіледі. Лауазымды адамды қызметтік міндеттерін орындаудан шеттету кезеңіне ақшалай ұстau сақталмайды.

47. Кеден органдарының лауазымды адамдары қызметі бойынша "міндетін атқарушы" болып тағайындалуы мүмкін. Бұл ретте олардың өз міндеттерін үзбей орындау мерзімі, әдетте, үш айдан аспайтын уақытты құрайды.

48. Құрылым немесе штат саны өзгерген кезде кеден органдарының лауазымды адамдары заңнамаға сәйкес шығару жәрдемақысы төлене отырып, бір айдан аспайтын мерзімге кеден органдарының кадрлары резервіне алынуы арқылы, атқаратын қызметінен босатылуы мүмкін. Кеден органдарының резервіндегі аталған адамдардың қызметінің тәртібін Кеден комитеті белгілейді. Аталған мерзім аяқталғанға дейін кеден органының лауазымды адамын қызметке орналастыру мәселесі шешіледі. Аталған мерзім аяқталған кезде және қызметке орналастыруына мүмкіндік болмауына байланысты лауазымды адам белгіленген тәртіппен босатылуға жатады.

49. Лауазымды адамның уақытша еңбекке жарамсыздығы парагымен куәландырылған, емделуде болған уақыты, жыл сайынғы және қосымша демалыстарда болған уақыты кеден органы лауазымды адамының кадрлар резервінде болу мерзіміне есептелмейді.

50. Лауазымды адамды басқа жерге қызметке ауыстыру, тиісті кеден органдары немесе бөлімшелері басшыларының жазбаша келісімі бойынша, маңызы бірдей не жоғары тұрған қызметке жүзеге асырылады.

51. Кеден органдарының лауазымды адамдарына арнаулы атақ олардың біліктілігі, білімі, қызметіне көзқарасы, еңбек сінірген жылдары, атқаратын штаттық қызметі ескеріле отырып, дәйектілікпен жеке бөлек беріледі.

52. Дәйектілігіне қарай, арнаулы атақ беру алғашқы және кезекті болып бөлінеді.

53. Егер аға басшы құрамның лауазымына алғаш рет қабылданған азаматтарға, егер олардың неғұрлым жоғары әскери атағы болмаса, әдетте, кеден қызметінің майоры атағынан жоғары емес алғашқы арнаулы атақ берілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасында тұрған азаматқа, ол кеден органдары басшы құрамының лауазымына тағайындалғаннан кейін онда бар әскери атақтан төмен емес атақ беріледі.

54. Кіші, орта және аға басшы құрамның кезекті арнаулы атақтары осы Ереженің 62, 63, 64, 65-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кезекті атақ - атқаратын штаттық қызметі бойынша көзделген атаққа сәйкес болған кезде және оның алдыңғы атақтағы еңбек сіңірген жылдарының белгіленген мерзімінің аяқталуы бойынша дәйекті тәртіппен беріледі.

55. Кезекті арнаулы атақ берудің осы Ережеде көзделмеген қосымша шарттарын белгілеуге тыйым салынады.

56. Кеден органдарының лауазымды адамдары үшін арнаулы атақтарда еңбек сіңірудің мынадай мерзімдері белгіленеді:

- 1) кеден қызметінің прaporщигі - 5 жыл;
- 2) кеден қызметінің кіші лейтенанты - 1 жыл;
- 3) кеден қызметінің лейтенанты - 2 жыл;
- 4) кеден қызметінің аға лейтенанты - 2 жыл;
- 5) кеден қызметінің капитаны - 3 жыл;
- 6) кеден қызметінің майоры - 4 жыл;
- 7) кеден қызметінің подполковникі - 5 жыл.

Кеден қызметінің аға прaporщигі, кеден қызметінің полковникі атақтарында, сондай-ақ жоғары басшы құрам атақтарында еңбек сіңіру мерзімдері белгіленбейді.

57. Қазақстан Республикасы кеден органдарының алғашқы арнаулы атақ - кеден қызметінің лейтенанты оқу мерзімі төрт жыл және одан да көп жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін берілген және кеден органдарында оқу орнында алған мамандығы немесе тектес мамандық бойынша қызмет атқарып жүрген лауазымды адамдары үшін, кеден қызметінің лейтенанты атағындағы қызмет өткеру мерзімі бір жыл болып белгіленеді.

58. Кеден қызметінің кіші лейтенанты алғашқы арнаулы атағы:

1) кіші басшы құрамның лауазымындағы арнаулы орта оқу орнын бітірген және орта басшы құрамның лауазымына тағайындалған кеден органдарының лауазымды адамдарына;

2) тектес мамандық бойынша арнаулы орта оқу орнын бітірген және орта басшы құрамның лауазымына тағайындалған азаматтарға беріледі.

59. Кеден қызметінің лейтенанты арнаулы атағы:

1) арнаулы атақтағы қызмет өткерудің белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін кеден қызметінің кіші лейтенанттарына, ал жоғары оқу орындарын бітіргендеге бұл атақтағы еңбек сіңіру мерзіміне қарамастан;

2) жоғары білімі бар, және орта, аға басшы құрамдардың лауазымдарына тағайындалған азаматтарға беріледі.

60. Орта және аға басшы құрамдардың кеден қызметінің полковнигіне дейінгі кезекті арнаулы атақтарын, оның алдындағы қызмет өткерген жылдарының

белгіленген мерзімі аяқталғаннан кейін тиісті кеден органдары немесе бөлімшелері бастықтарының ұсынуы бойынша, Кеден комитетінің тәрағасы береді.

61. Жоғары басшы құрамның арнаулы атақтарын, кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган басшысының ұсынуы бойынша, Қазақстан Республикасының Президенті береді.

62. Кезекті арнаулы атақ қызметте жоғары нәтижелерге қол жеткізгені және қызметтік міндеттерін үлгілі орындағаны үшін ынталандыру түрінде, оның алдындағы атақта қызмет өткерудің белгіленген мерзімі аяқталғанға дейін немесе атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары берілуі мүмкін.

63. Арнаулы атақ мерзімінен бұрын, атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген атақтың шегінде, ал кеден органдарының ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар лауазымды адамдарына, жоғары басшы құрамның атақтарын қоспағанда, лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары берілуі мүмкін.

64. Мерзімінен бұрын арнаулы атақтар оның алдындағы арнаулы атақта еңбек сініру жылдарының белгіленген мерзімінің кемінде жартысы аяқталғаннан кейін және берілетін арнаулы атақтың атқаратын лауазымына көзделгендігіне сәйкестігі жағдайында беріледі.

65. Атқаратын лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары кезекті арнаулы атақ оның алдындағы арнаулы атақта қызмет өткеру жылдарының кемінде бір жарым мерзімі аяқталғаннан дейін беріледі. Бұл ретте арнаулы атақтарды мерзімінен бұрын және бір саты жоғары беру, әдетте, кеден органдарындағы қызметтің бүкіл кезеңінде екі реттен артық жүргізілмейді.

66. Жасы денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттың қысқаруы бойынша босатылған, құнтізбелік есеппен алғанда 20 және одан көп еңбек сінірген жылдары бар кеден органдарының лауазымды адамдарына босатумен бір мезгілде кеден қызметінің полковнігіне дейін қоса алғанда кезекті арнаулы атақ берілуі мүмкін.

67. Арнаулы атақта еңбек сініру мерзімі осы атақты беру туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап есептеледі.

68. Кіші басшы құрамның атағы бар орта басшы құрамның лауазымына тағайындалған кеден органдарының лауазымды адамдары орта басшы құрамның алғашқы арнаулы атағын беруге, бар атағымен қызмет өткерген жылдарының мерзіміне қарамастан, ұсынылады.

69. Кеден органы кадрларының резервінде тұрған, тәртіптік жазасы бар, сондай-ақ оларға қатысты қызмет тәртібін бұзу фактілері бойынша қылмыстық іс қозғалған немесе қызметтік тексеру жүргізіліп жатқан лауазымды адамдарды

кезекті арнаулы атақтар беруге ұсыну тиісінше қызметке тағайындағанға, тәртіптік жаза алынып тасталғанға, ақтау негіздемелері бойынша қылмыстық іс тоқтатылғанға дейін немесе қызметтік тексеру аяқталғанға дейін жүргізілмейді.

70. Кезекті арнаулы атақты беруді кешіктірудің себептері Кеден комитеті айқындастын тәртіппен жазбаша түрде баяндалады және кеден органының лауазымды адамына жеткізіледі.

71. Бағынысты адамды кезекті арнаулы атаққа ұсынуды негіzsіз кешіктірген кеден органының бастығы тәртіптік жауаптылықта болады.

72. Қазақстан Республикасының кеден органдарындағы қызметтік тәртіп кеден органдары лауазымды адамдарының өздеріне жүктелген қызметтік міндеттерін орындау және Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережеде, Антта, қызмет туралы келісім-шартта, сондай-ақ Кеден комитеті төрағасының бұйрықтарында белгіленген өздеріндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруы кезінде тәртіп пен ережелерді сақтауын білдіреді.

73. Міндеттерін үлгілі орындағаны және қызметте қол жеткізген жоғары нәтижелері үшін кеден органдарының лауазымды адамдарына көтермелебудің м ы на д а й түрлері :

1) бір жолғы ақшалай сыйақы беру;

2) алғыс жариялау;

3) бағалы сыйлықпен марапаттау;

4) "Кеден органдарындағы үздік қызметі үшін" өнірлік белгісімен марапаттау ;

5) Құрмет грамотасымен марапаттау;

6) "Кеден қызметінің еңбек сінірген қызметкері" Құрмет белгісімен марапаттау ;

7) кезекті арнаулы атақты мерзімінен бұрын беру;

8) атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделгеннен бір саты жоғары арнаулы атақ беру көзделеді.

74. Көтермелебуда бұрын салынған тәртіптік жазаны мерзімінен бұрын алу қолданылуы мүмкін .

75. Қызметтік борышын орындау кезінде көрсеткен қаһармандығы мен ерлігі, басқа да ерекше еңбегі үшін кеден органдарының лауазымды адамдары заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталуға ұсынылуы мүмкін.

76. Қызметтік тәртіпті бұзғаны үшін кеден органдарының лауазымды адамдарына жазаның мынадай түрлері:

1 ) ескертү ;

2 ) сөгіс ;

3 ) қатаң сөгіс ;

- 4) қызметіне толық сәйкес келмейтіні туралы ескерту жасау;
- 5) кеден органдарынан босату қолданылуы мүмкін.

77. Көтермелек мен тәртіптік жазалауды өздеріне берілген құқықтардың шегінде тікелей бастықтар қолданады.

78. Көтермелек мен тәртіптік жаза бүйрықтармен жарияланады. Кеден органдарының лауазымды адамы көтермелек мен тәртіптік жаза туралы қолы қойылып, жеке танысуы тиіс.

79. Заңнамада көзделген жағдайларда, тәртіптік жаза қолданғанға дейін қызметтік тергеу жүргізіледі. Әрекет жасаған адамнан жазбаша түсініктеме талап етілуі тиіс. Әрекет жасаған адамның түсініктеме беруден бас тартуы жаза қолдану үшін кедергі бола алмайды.

80. Тәртіптік жаза қолдану кезінде:

- 1) әрекеттің мазмұны мен сипаты;
- 2) әрекет жасалған кездегі жағдай;

3) жасалған әрекет әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін жағымсыз зардаптар;

4) оны жасаған лауазымды адамның бұдан бұрынғы мінез-құлқы;

5) лауазымды адамның жеке басын сипаттайтын өзге де жағдаяттар ескеріледі

81. Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамына тәртіптік жаза заңнамада белгіленген жағдайда және шарттарда қолданылады.

82. Егер кеден органдарының лауазымды адамына, бастықтың пікірінше, оның құқықтарының шегінен тысқары көтермелек шараларын немесе тәртіптік жаза қолдану қажет болса, онда ол бұл туралы жоғары тұрған бастықтың алдында отініш жасайды.

83. Жоғары тұрған басшының, егер бұрын жарияланғаны жасалған әрекеттің ауырлығына сәйкес келмесе, төмен тұрған бастық қолданған тәртіптік жазаны тоқтатуға, женілдетуге немесе неғұрлым қатаң жаза қолдануға құқығы бар.

84. Өзіне берілген көтермелек және тәртіптік жаза қолдану жөніндегі құқықтарды асыра пайдаланған бастық ол үшін тәртіптік жауаптылықта болады, ал көтермелек және жаза қолдану туралы бүйрықтарды жоғары тұрған бастық жоғары тұрған кеден органдарына не сотқа шағымдануға құқылы.

85. Кеден органдарының лауазымды адамы өзіне қолданған тәртіптік жазаға жоғары тұрған кеден органдарына не сотқа шағымдануға құқылы.

86. Кеден органдарының тәртібін Кеден комитеті белгілейді.

87. Қажет болған жағдайда кеден органдарының лауазымды адамдары заңнамада белгіленген тәртіппен белгіленген уақыттан тыс, сондай-ақ түнгі мезгілде, демалыс және мереке күндері қызметтік міндеттерін орындауға тартилуды мүмкін.

88. Кеден органдарының лауазымды адамдары үшін ақшалай қамту сақтала отырып, демалыстардың мынадай түрлері белгіленеді:

1) жыл сайнғы;

2) қосымша.

89. Кеден органдарының демалысын пайдаланбаған лауазымды адамдарын жұмыстан босатқан жағдайларды қоспағанда, демалыстарды ақшалай етемақымен алмастыруға жол берілмейді.

90. Кеден органы лауазымды адамының қалауы бойынша жыл сайнғы ақы төленетін демалыс бөліп-бөліп берілуі мүмкін.

91. Кеден органдарының лауазымды адамдарына жалақысы сақталмастан демалыс берілуі мүмкін.

92. Кеден органдарының лауазымды адамдарына дем алатын жерге бару және қайту уақыты есептелмesten ұзақтығы 30 күнтізбелік күндік, ал қызметін биік таулы (1500 метр және одан да биік) жерлерде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындағын, Қазақстан Республикасының ауа-райы жағдайы ауыр және қолайсыз жерлерінде қызмет атқаратын кеден органдарының лауазымды адамдарына, заңнамада белгіленген мөлшерлерде сауықтыру үшін жәрдемақы төлену арқылы, 45 күнтізбелік күндік ақы төленетін жыл сайнғы демалыс беріледі.

93. Жыл сайнғы демалыс кеден органының әрбір лауазымды адамына, жыл сайнғы демалыстардың жоспарларына сәйкес, күнтізбелік жыл ішінде берілуі тиіс.

94. Жүктілігі және босануы бойынша демалыс заңнамада белгіленген үстеме ақы мен төлемдер сақтала отырып беріледі. Мұндай демалыста болған уақыт арнаулы атақта еңбек сіңірген жылдарының мерзіміне, еңбек сіңірген жылдары үшін пайыздық үстеме ақы белгілеу және зейнетакы тағайындау үшін стажға есептеледі.

95. Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдарына еңбекке ақы төлеу лауазымдық жалақыдан, арнаулы атақтар бойынша, қызмет өткерген жылдары үшін жалақыдан, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де үстеме ақылар мен төлемдерден тұрады.

96. Кеден органдарының лауазымды адамдарына қызмет өткерген жылдары үшін лауазымдық жалақысына үстеме ақы алуға құқық беретін жұмыс стажына қызметтегі үзілістерге қарамастан:

1) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, прокуратура органдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде қызмет атқарған уақыты;

2) бұрынғы КСРО мен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде (Кеңес Армиясы мен Әскери-Теңіз Флотында), Республикалық ұланда, Қазақстан

Республикасының ішкі әскерлерінде және басқа да арнаулы әскери құралымдарында қызмет атқарған уақыты;

3) 1992 жылғы 1 қантарға дейінгі Қазақстан Республикасының партия, кенес, кәсіподак және комсомол органдарында жұмыс істеген уақыты есептеледі.

97. Кеден органдарының лауазымды адамдарына зейнетақы тағайындауға құқық беретін жұмыс стажына қызметтегі үзілістерге қарамастан:

1) ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, прокуратура органдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде қызмет атқарған уақыты;

2) бұрынғы КСРО мен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде (Кенес Армиясы мен Әскери-Текіз Флотында), Республикалық ұланда, Қазақстан Республикасының ішкі әскерлерінде және басқа да арнаулы әскери құралымдарында қызмет атқарған уақыты;

3) 1992 жылғы 1 қантарға дейінгі Қазақстан Республикасының партия, кенес, кәсіподак және комсомол органдарында жұмыс істеген уақыты;

4) егер лауазымды адамдар белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкіметінің орталық органдарына қызметке жіберілген болса, олардың кеден органдарының кадрларында болған уақыты есептеледі.

98. Кеден органдарының лауазымды адамдары мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен міндettі мемлекеттік жеке сақтандыруға жатады.

99. Кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндettерін орындауына байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда, қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасына кеден органының лауазымды адамына сақтандыру өтемі төленбеген жағдайда, мемлекеттік бюджеттің қаражатынан соңғы атқарған лауазымы бойынша бір жолғы он жылдық ақшалай табысы төленеді.

100. Қазақстан Республикасы кеден органдарының лауазымды адамдарына Қазақстан Республикасының кеден органдарында қызметтік міндettерін орындауына байланысты мертігумен не денсаулығының өзге де зақымдануымен келтірген зиян үшін (қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда - отбасы мүшелеріне) ай сайынғы өтем төлемі, денсаулығының зақымдануынан пайда болған қосымша шығындардың өтемақысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шарттарда жүргізіледі.

101. Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндettерін орындауына байланысты, ол үшін өзінің қызметтік міндettерін одан әрі жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін, мертіккен не денсаулығы өзге де зақымданған кезде лауазымды адамға сақтандыру өтемі төленбейтін жағдайда мынадай мөлшерде бір жолғы жәрдемақы төленеді:

- 1) 1 немесе 2 топ мүгедегіне - бес жылдық ақшалай табысы;
- 2) 3 топтың мүгедегіне - екі жылдық ақшалай табысы;

3) мүгедектігі белгіленбестен еңбек қабілетін жоғалтудың тұрақтылығы анықталған кезде - біржарым жылдық ақшалай табысы.

Кеден органының лауазымды адамы қызметтік міндеттерін орындауы кезінде мүгедектікке душар етпеген ауыр мертігу алған (жараланған, жарақаттанған, контузия алған) жағдайда, оған үш айлық ақшалай табысы, жеңіл-желпі мертіккен жағдайда - айлық табысы мөлшерінде сақтандыру сомасы төленеді.

102. Егер белгіленген тәртіппен кеден органы лауазымды адамының қаза табуы (қайтыс болуы), жаралануы (мертігуі), ауыруға шалдығуы қызметтік міндеттерін орындауға байланысты емес жағдайларға байланысты болғаны дәлелденсе, сақтандыру сомасы төленбейді.

103. Қазақстан Республикасы кеден органының лауазымды адамы өзінің қызметтік міндеттерін орындауына байланысты қаза тапқан (қайтыс болған) жағдайда қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасына есепке алған кезде болған негіздемелерде, бірақ лауазымды адам қаза тапқан күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей, тұрғын үй алацын алу құқығы сақталады.

104. Кеден органдарының қайтыс болған зейнеткерлерін немесе қаза тапқан лауазымды адамдарын жерлеу үшін олардың үш айлық ақшалай табысы мөлшерінде бір жолғы ақшалай өтемақы төленеді.

105. Кеден органдарының лауазымды адамдары, соғыска қатысушылар, соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдар, интернационалшы-жауынгерлер, сондай-ақ қаза тапқан лауазымды адамдардың немесе қызметтік міндетін жүзеге асыруға байланысты алған жараның, контузияның, мертігудің немесе ауруға шалдығудың салдарынан қайтыс болған лауазымды адамдардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, олардың көлемдеріне қарамастан, мемлекеттік тұрғын үй қорының үйлеріндегі өздері тұратын үй-жайларды меншігіне алады.

106. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға мұқтаж кеден органдарының лауазымды адамдарына жеке тұрғын үй салу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер участкесі беріледі.

107. Кеден органдарында қызметті тоқтату үшін:

- 1) кеден органдарынан өз еркімен жұмыстан босау;
- 2) келісім-шарт мерзімінің аяқталуы не заңнамада көзделген негіздемелер бойынша келісім-шартты бұзу;
- 3) лауазымды адамның өзінің табысы мен мұлкі туралы қасақана жалған мәліметтер бе ру і;
- 4) заңнамада белгіленген міндеттер мен шектеулерді сақтамау;
- 5) меншік құқығы мен тиесілі мүлікті сенімді басқаруға бермеу;
- 6) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту;
- 7) сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау;

8) аттестаттаудың теріс нәтижелері;

9) заңнамада көзделген өзге де негіздемелер негіз болып табылады.

108. Кіші және орта басшы құрамдардың арнаулы атақтары бар кеден органдарының лауазымды адамдары 45 жасқа толғанға дейін кеден органдарында қызметте бола алады.

109. Орта және жоғары басшы құрамдардың арнаулы атақтары бар кеден органдарының лауазымды адамдары, оларға берілген арнаулы атақтарға орай, мына жасқа толғанға дейін кеден органдарында қызметте бола алады:

1) кеден қызметінің подполковнигіне дейін - 45 жас;

2) кеден қызметінің полковнигі - 50 жас;

3) кеден қызметінің генерал-майоры және кеден қызметінің генерал-лейтенанты - 55 жас.

110. Кеден органдарындағы қызмет үшін 108 және 109-тармақтарда белгіленген шекті жасқа жеткен кеден органдарының лауазымды адамдары, заңнамада және осы Ереженің 111-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, босатылуға жатады.

111. Кеден органдарының лауазымды адамдарын аттестациядан дұрыс өткен және медициналық ауытқушылықтар болмаған жағдайда қызметтің мүддесі үшін жекелей тәртіппен және олардың келісімімен, осы лауазымды адамдарды қызметке тағайындау құқығы берілген басшылар, белгіленген шекті жастан тыс бес жылға дейінгі мерзімге қызметте қалдыра алады.

Бұл жағдайда орта, аға басшы құрамдар қатарындағы кеден органдарының лауазымды адамдарын қызметте қалдыру мерзімі осындай тәртіппен 5 жылға ұзартылуы мүмкін. Қызметте қалдыру мерзімін ұзарту туралы шешім кеден органдарының лауазымды адамын осы Ережеде көзделген негіздемелер бойынша жұмыстан шығару мүмкіндігін жоққа шығармайды.

112. Кіші басшы құрамда қызметте тұрған кеден органдарымен лауазымды адамдарын қызметтен босатуды, олар үшін Кеден комитеті белгілейтін құзіретінің шегінде, тікелей бастықтар жүргізеді.

113. Орта және аға басшы құрамдарда қызметте тұрған кеден органдарының лауазымды адамдарын жұмыстан босатуды, олар үшін Кеден комитеті белгілейтін құзіретінің шегінде, аумақтық кеден органдарының бастықтары жүргізеді.

114. Кеден басқармаларының бастықтарын жұмыстан босатуды кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарының басшысы жүргізеді.

115. Кедендердің бастықтарын, басқармалар мен кедендер бастықтарының орынбасарларын жұмыстан босатуды Кеден комитетінің төрағасы жүргізеді.

116. Кеден комитеті орталық аппаратының лауазымды адамдарын жұмыстан босатуды, олар үшін белгіленген құзіреттің шегінде, Кеден комитетінің төрағасы

**жүргізді.**

117. Кеден органдарының лауазымды адамдарын зейнетақымен қамсыздандыру Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

118. Кеден органдарының лауазымды адамдарына зейнеткерлікке шыққаннан кейін олар есепте тұрған емдеу мекемелерінде медициналық қызмет көрсетілу құқығы сақталады.

119. Қызметтен денсаулық жағдайы және штат санының қысқаруы бойынша босатылатын кеден органдарының лауазымды адамдарына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бір жолғы жәрдемақы төленеді.

120. Кеден органдары лауазымды адамдарының соғыс уақытында және төтенше жағдай енгізілген жерлерде қызмет өткеруінің ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының **Үкіметі** айқындаиды.

121. Кеден органдарында қызмет өткерудің тәртібін және қызмет өткеру шарттарының сақталуын бақылауды Кеден комитетінің және кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның басшылығы жүзеге асырады.

122. Кеден органдарында қызмет өткеруді бұзғаны, оның ішінде кеден органдары лауазымды адамдарының құқықтық және әлеуметтік қорғалу кепілдіктерін сақтамағаны үшін кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген жауаптылықта болады.

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің**

**2000 жылғы 12 тамыздағы**

**N 1238 қауысымен**

бекітілген

**Қазақстан Республикасының кеден органдарындағы лауазымды адамдарының АНТЫ**

Мен, Қазақстан Республикасының азаматы, \_\_\_\_\_

---

(тегі, аты әкесінің аты)

кеден органдарына қызметке тұра отырып, Қазақстан Республикасының экономикалық мұдделерін, егемендігі мен қауіпсіздігін қорғау ісіндегі өзімнің жауапкершілігімді ұғына отырып салтанатты турде:

Қазақстан Республикасының халқы мен Президентіне адал болуға;

Қазақстан Республикасының Конституциясын және де заңнамасын мұлтіксіз сақтауға, өзімнің барлық іс-әрекетімде заңдылық, әділеттілік, риясыздық пен адалдық, азаматтық және ұлтаралық келісім қағидаттарын басшылықта алуға;

өкімет өкілі ретінде қызметтік міндеттерімді орындау кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттің мұдделерін сақтауға;

өзіме жүктелген міндеттерді адал орындауға, кеден органдары лауазымды аدامының жоғары атағын қадір тұтуға, мемлекеттік құпиялар мен қызмет бабындағы құпияны сактауға аnt етемін.

Егер өзім қабылдаған антты бұзсам, онда мен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болуға әзірмін.

"\_\_\_" 200 \_\_\_ ж.

(жеке қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК